



№96 (9983)  
5 желтоқсан  
сейсенбі  
2023 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Сапар

### Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі қаралды

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келді. Министр сапарында аймақтың жол-көлік инфрақұрылымы нысандарының жұмысымен танысып, облыс тұрғындарымен кездесті.



Марат Қарабаев Қызылорда қаласындағы сол жағалауда бой көтерген жаңа автовокзал құрылысымен танысты. Нысан пайдалануға берілсе, 55 қоғамдық көлікпен 124 рейс ұйымдастырылады. Мұнан бөлек Ташкент қаласына 1 халықаралық рейс, 46 ауданаралық, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Жібек жолы (Черняевка), Ақтөбе және тағы басқа қалаларға 8 көлік жолға шығады. Нысан жаз мезгілінде күніне 3 700-ден астам, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетуге ыңғайластырылып салынады. Құны 975 млн теңгені құрайтын жаңа автовокзал құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, халық игілігіне қызмет етпек.

Әрі қарай министр күрделі жөндеуден өткен теміржол вокзалына барды. Өткен ғасырдың басында салынған тарихи нысанды жөндеу жұмыстары сәуір айында басталды. Бүгінде сыртқы және ішкі жөндеу жұмыстары аяқталып, мимарат жаңа кейіпке еніп, келбеті ажарлана түсті. Вокзал аумағындағы 2-ші перронға және автотураққа жаңа асфальт жабындысы төселді. Жобаның жалпы құны 577 млн теңгені құрайды. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясынан 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге бөлінді.

Сапар соңында Көлік министрі меценат Болат Өтемұратовтың қоры есебінен құрылысы қаржысы алған халықаралық стандарттарға сай заманауи әуежай терминалымен танысты. Қазіргі әуежай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаймақ. Жалпы алаңы 7500 шаршы метр болатын әуежайда телескопиялық трап, жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтер қарастырылмақ. Терминал құрылысы 2024 жылы аяқталады.

Сапар барысында Марат Қарабаев өңір тұрғындарымен кездесіп, азаматтарды жеке қабылдады. Облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлердің абаттандырылған ауласын көріп, жаңадан ашылған «Анаға тағзым» орталығының жұмысымен танысты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады.

«ЖЖ» ақпарат

## Жәрмеңке



### 163,3 тонна өнім сатылды

Титов шағын ауданының тұрғыны Сабыр Болатбекұлы күзгі науқан соңында жалағаштық шаруалар ұйымдастыратын жәрмеңкені асыға күтетіндер қатарында. Бастапқыда күнделікті тұтынатын өнімдерін арзан бағаға алуды дәстүрге айналдырған ол желтоқсанның басында қыстық азығын қамдап алады екен. Кешегі сенбіде де Сәкең сауданың көркін қыздырып, жәрмеңкеде төбе көрсетті.

– Қазір базар бағамына сенім жоқ, бүгін арзан бағаға сатып алған өнімді ертең сатушы «пәленбай теңге» деп тұрса, таң қалмаңыз. Міне, біздің жәрмеңкені асыға күтетінміз де сондықтан. Биыл осыған дейін ұйымдастырылған жәрмеңкелердің ешқайсысынан шет қалғаны жоқ. Бірақ көбіне Жалағаштың балығын сатып алатынбыз. Азды-көпті бақша өнімдерін де алатынымыз тағы бар. Жылдағы дәстүр бойынша енді қыстық азығымызды біржола қамдап алуға келіп отырмыз. Қап-қап картоп, сәбіз, пияз, асқабақ секілді бірқатар бақша өнімін молынан алдық. Сапасы жоғары, бағасы арзан өнімді таңмен таласа алып жатқандар жалғыз біз емес. Өздеріңіз көріп отырғандай, бүгінгі жәрмеңке саудасы қызып тұр. Шаруа адамдарына рахмет, жыл сайын бізді науқан

қорытындысында қуанып отырады. Келер жылы да жалағаштықтардың қырманы тасысын дейміз, елде болса ерінге тиеді деген бар, бүгін сол сөздің шындығына көз жеткізіп отырмыз, – дейді ол.

Сәкең айтқандай, расында бүгінгі жәрмеңке осыған дейінгілерден бөлек болды. Несін жасырамыз, орталықтан келіп молынан әкетуге әзірлерін де көзіміз шалды. Алайда бұл осы шаһар тұрғындарына үлестірілуі керек, сондықтан ондай пысықайлардың әрекетіне ұйымдастырушылар тарапынан жол берілмеді. Таңнан түстен кейінге дейін халықтың өзі-ақ таласып әкетті.

– Жаңадарияның қарбызы қай сәреде, – дейді алпысты алқымдаған ардагер.

– Қызылша, асқабақ алмасаңыз, жаңа қарбыздың соңын мен сатып алдым, – деді қарақөз қарын-

дасымыз.

– Қап!

Осымен диалог үзілді. Ақсақалды да түсінуге болады, биыл жылдағыдан 4-5 есе бақша өнімдерін баптаған жаңадариялық бағандардың қарбызына кейде ауданда отырып өзіміз де қол жеткізе алмай қаламыз. Осының өзі шалғай ауылдағы бақша өнімдерінің сапасы қандай екенінен хабар беріп тұрғандай.

Ауыл әкімі Рауан Ақпанбетов те сол жерден табыла кетті.

– Бұл жолы ауылдан көп өнім келмеді-ау, елдің ауызында Жаңадария жүр ғой, – дедім.

Ауыл әкімінің ауызын бақсақ, бұл үйреншікті жағдай екен. Алта сайын ұйымдастырылатын жәрмеңкеге шалғай ауылдан мол өнім келгенімен бірінші болып солардың сәресі босайтын көрінеді.

– Ауылдан әдеттегідей өнім келді, бірақ түске дейін халық таласып әкетті. Бұл үйреншікті жағдай ғой, басқалардан артық өнім әкелсек те бірінші болып біздің сәре босайды. Бүгін 4 жүк көлігімен бақша өнімдерін алып келдік. Бірақ сауданың көркі қызды, түске дейін көлігіміз босап қалды. Алдағы

уақытта да осындай бақша өнімдерін әкелеміз. Баяғы елдің ауызында жүрген Жаңадарияның өнімі өлі де сапасын жоғалтқан жоқ, оған бүгінгі саудада көз жеткізуге болады. Келер жылы да бағандар бақша салудың қамын жасап жатыр. Алдағы уақытта да елді арзан әрі сапалы өніммен қамтамасыз етеміз, – дейді ауыл әкімі.

Иә, расында кешегі жәрмеңкеде қыстың алғашқы айы басталғасын ба, шаруалардың саудасы жүрді. Әдеттегідей барлық өнім базар бағамынан 10-15 пайыз төмен болды. Бірақ осыныша тауардың өтуіне бағадан бұрын бақша өнімдерінің сапасы әсер етсе керек.

Айта кетейік, сенбідегі жәрмеңкеге ауданнан 60 жүк көлігімен жалпы құны 39 млн 320 мың теңгені құрайтын 163,3 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізілді. Бақша өнімдерінен бөлек балық, сиыр, жылқы еттеріне де сұраныс мол болды. Ұйымдастырушылар арзан әрі сапалы өнімдермен шаһар тұрғындарына алдағы уақытта да қуаныш сыйлайтынын айтады.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

## Еңбек адамы

### Етікші Боранбай



нып, бағалы сыйлықтар мен қаржылай сыйақыларға ие болған.

Оқырмандар тарапынан «Кейіпкерімізбен қалай тілдесті?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл тұста бізге келіні Жанардың үлкен көмегі тиді.

– Атам таңсәріден ерте тұрып, жұмысына асығып, үйге кеш батқанда келеді. Қол қусырып үйде отырғанды мүлде ұнатпайды. Кейде демалыста үйде болғанда демалмай, үй шаруасымен айналысып, бәріне көмектесіп жүреді. Үйде отырсаң ауыра беремін, одан өлім барда еңбек етейін» дейді. Кешкінін жұмыстан келерде күні бойы тапқан табысына немерелеріне тәтті әкеліп, оларды қуантқанды жақсы көреді. Бірді екі етіп, екінші бірінші қолынан келмейтін кәсіпті дөңгелентіп отырған атамның еңбекқорлығы, ұқыптылығы «жасайтын жұмыс жоқ» деп жүрген жастарға үлгі деп ойлаймын, – дейді келіні Жанар Құрманғазықызы.

Кейіпкеріміздің жары Маржан да туа бітті сөйлеу қабілетінен айырылған. Ол Шымкент қаласында мүмкіндігі шектеулі жандар мектебінде тоқыма тоқу мен көрпеше көктеу кәсібі бойынша білім алған. Жүрекпен тілдескен жандар бүгінде киелі қара шаңырақтың тұтқасын 45 жыл бойы бірге ұстап, ұлқызынан тараған 8 немере, 3 шөберенің ардақты ата-әжесі, арқа сүйер алып бәйтерегі болып отыр.

– Боранбай ағайға бұрыннан жиі келушілердің қатарынанмын. Қазіргі аяқ киімдердің көбі сапасыз. Бір жыл киген соң етіктің сырмасы немесе табаны түсіп, жаңбырлы күндері аяқ киімдеріміздің жаны ашылып жатады. Сондай сәттерде ағайдың дүңгіршегіне барып, етігіміздің жаңын тіктіріп аламыз. Боранбай аға өз жұмысын барынша жетілдіріп, ықшамауымен жасайды. Бір рет тіктірген аяқ киімді қайта тіктіруге өкелген емеспін. Бұл өрне сапалы жұмыстың нәтижесі деп білемін, – дейді кент тұрғыны Әйгерім Жаппарқызы.

Табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында еш мойымаған кейіпкеріміз бейнетінің зейнетін көретін шақта да демалысыз аяқ киім жөндеу мен тігу шеберханасында тұрғындардың сұранысына сай сапалы қызмет етіп, халықтың алғысын алуда. Тағдырдың тауқыметіне ұшыраса да мексика қайтапқан кейіпкеріміздің жары Маржанмен бірге кездескен қиыншылықтарға мойымағаны, алға нық сеніммен қарап, өлшеусіз өткен еңбегі жастарға өнеге.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»  
Ахмет Байтұрсыннов



### Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу басталды. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.



Ғалымдар он екі мүшесі сау адамға қарағанда мүмкіндігі шектеулі жандардың бойында қандай да бір кәсіпті бастауға қабілет пен құштарлық басым болатынын жиі айтады. Ол рас, қазіргі таңда ортамызда бастаған ісін одан әрі дөңгелентіп, заман талабына сай тұрғындарға сапалы қызмет етіп жүрген жандар да жоқ емес. Сондай еңбекқор жандардың бірі – Боранбай Ұзақбайұлы.

Кейіпкеріміз мүмкіндігі шектеулі болса да, қоғамнан қалыс қалмай, шама-шарқынша еңбектен қол үзбей, маңдай терімен адал асын табуға. Біз бен тебенін жанына серік еткен кейіпкеріміз 2015 жылы бір туысының шақыртуымен осы салаға келіп, аяқ киім жөндеудің қыр-сырын үйренген. Сол жылдан бастап өз қаржысына шағын дүңгіршек жалға алып, аяқ киім жөндейтін шеберхана ашқан, шебердің берекелі кәсібі, өмірге құштарлығы өзгелерге үлгі.

– Үйде бос қарап жатқанды ұнатпаймын. Бала күннен ата-анамыз еңбекқорлыққа үйреткендіктен болар, қандай да бір іспен шұғылданып, әр күнімді пайдалы өткізгенді жақсы көремін. Кез келген кәсіптің қиындығы бар. Десек те қазіргі жұмысым өзіме қатты ұнайды. Жаз мезгіліне қарағанда қыс айларында

келетін тұрақты келушілерімнің қатары көп. Себебі бірі тағасын, екіншісі сырмасын жаңартып беруімді сұраса, енді бірі етіктің жыртқығын жамату үшін келеді, – дейді ол.

Кейіпкеріміз бала күнінен пысық, еңбекқор. Бірде анасымен 3 сыныпта оқып жүріп, нағашыларының ауылына қыдырып барады. Сол ауылда жүргенде анасы көрші үйге нанға жұмсаған кейіпкерімізді дәу қара ит тап беріп талаған. Сол күннен бері түсі суық, аулы иттен қатты қорыққан кейіпкеріміз есту және сөйлеу қабілетінен айырылған. Ем іздеп бірнеше білікті дәрігерге қаралса да өкінішке орай еш нәтиже шықпаған. Уақыт өте келе кейіпкеріміз 15 жастан зейнет жасына дейін ауылдағы «Сәрке ба-тыр» совхозында күрішші болып еңбек етіп, дала дарабозы атанған. Ол жыл сайын «Озат күрішші» ата-

# Кәсіптік білімнің көкжиегі кеңейген

**Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті маман даярлау. Аудандағы Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі де осы мақсатта заман талабына сай жұмыс жасап, балалардан кәсіби маман шығаруда қажырлы еңбек етіп келеді. Әріптесім Ақнұр Алтынбек екеуміз апта басында білім ордасының бүгінгі тынысымен таныстық.**



ұйымдастыру мамандықтары бойынша білім алуға. Биыл 129 талапкер бұл оқу орнының студенті атанса, келер жылы 60 студент оқуды тамамдайды.

Елімізде 2019 жыл «Жастар жылы» болып жариялануына байланысты колледж мемлекеттік «Оқсасмаман» бағдарламасына қатысып, 2020 жылы облыс бойынша 9 колледждің ішінен мемлекеттік грантты жеңіп алған. Бұл жоба аясында колледж еңбек нарығында сұранысқа ие болған екі мамандық бойынша 439 млн теңге қаржыға ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығы бойынша және тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы бойынша қажетті құрал-жабдықтар сатып алған. Мәселен ауыл шаруашылығын механикаландыруға қажетті мұнда енді «John Deere» тракторы бар.

– Студенттер трактор тізгініндеме бұрын сабақ барысында осы техникаларды іс жүзінде айдап үйренеді. Бұл трактор 60 операцияны орындай алады. Яғни дөңсеу, жер жырту, тракторға өнім тиеу, соқаны тіркеу секілді қызметтер атқарады. Сонымен қатар экскаватор құрылысы да бар. Ол жер қазып, тегістейді. Студенттерге тракторды қалай айдау керектігі, толық жұмыс жасау барысы үйретіледі. Осы жерден толық трактор айдауды меңгерген бала гаражда тұрған техниканы емінеркін меңгереді, – дейді мұғалім Нұржан Серікұлы.

Мұнда бұдан бөлек айналымалы соқа, тыңайтқыш сепкіш, «Claus» комбайн

тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы бойынша көкөніс ұсақтағыш, ет турағыш, қамыр илеп, оны жайып кесетін арнайы құрылғылар оқу процесі кезінде қолданылып, студенттердің сапалы білім алып, білікті маман болып даярлануына пайдаланылады. Балалар виртуалды әлемді көру арқылы теория түрінде техника қауіпсіздігін үйренеді. Мұнан кейін арнайы тест арқылы сынақтан өтеді. Колледжде 23 пән кабинеті мен шеберхана қарастырылған.

– Студенттердің сұранысына сай 50 орындық жатақханада 18 студент бар. Сондай-ақ барлық білім алушыға шәкірт ақы тағайындалған. Бізде студенттерге ыстық тамақ қарастырылмаған, бірақ толық емес отбасылар мен көпбалалы отбасылардан шыққан 72 студентке 14 508 теңге беріледі. Кітапхана қорында арнайы 10 234 кітап бар. «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында студенттердің қатысуымен түрлі шаралар, әдеби танымдық кештер өткізіліп тұрады. Жақында Coworking орталығы керекті құрал-жабдықтармен қамтылды. Мұнда білім алушыларға сабақтан тыс уақытта кітап оқып, дойбы, шахмат сынды ойын ойнауға мүмкіндік қарастырылған, – дейді колледж басшысы Нұрхан Боранбайұлы.

Біліктілік пен жаңашылдықты басты назарда ұстайтын оқу орнында 37 инженер-педагог сапалы білім беруде. Келешегі кемел білім ордасының алдағы уақытта да кәсіби білім иелерін шыңдайтын анық.

**Ақтоты ЕРЖАҢҚЫЗЫ**



60 жылдан астам тарихы бар оқу орнынан осы уақытқа дейін 25 мыңнан астам адам түрлі мамандық меңгерген. Бүгінде олар еліміздің ауыл шаруашылығы және басқа да салаларында серпін қалыптастыруға өз үлесін қосуда.

Қазіргі таңда колледждің материалдық базасы нығайып, елдің экономикасын нығайтуға қажетті жаңадан мамандықтар ашылған 450 орынға арнал салынған оқу орнында 189 студент ауыл шаруашылығын механикаландыру, дәнекерлеу, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, электр жабдықтары мен тамақтандыру ісін

экскаватор, «Landini» тракторы сынды қажетті басқа да құрал-жабдықтар бар. Бұл техникалар колледждің материалдық-техникалық базасы нығайтуда. Қазіргі таңда бұл техникалар жаңартылған білім бағдарламасына енгізіліп, күнделікті оқу-үйрену процесіне пайдаланылуда. Соның арқасында түлектердің жыл сайын 82 пайдан астамы жұмыспен қамтылуда.

Айта кетейік, оқу орны білім алушылардың ауданның ірі шаруа қожалықтарында тәжірибеден өтуіне барлық жағдай жасаған. Мұндағы жастар 2 ай іс жүзінде тәжірибе алмасу арқылы өздерін шыңдап, мамандығына машықтанады. Ал

# Аспаз Ақкенже

**Колледж табалдырығын аттағанымыз сол еді, бір дәмді тағамның иісін сездік. Алайда мұнда арнайы асхана жоқ, тек аспаз мамандарын дайындайтын кабинет бар екен. Мұнда саусағынан бал тамған Ақкенже Шідербаева студенттерге қытырлақ вафли дайындауды үйретіп жатыр. Қыздардың пісірген тәттісіне қызығушылық танытып, әзірлеу барысын сұрағанда кейіпкеріміз орта жолдан әңгімеге араласа кетті. Қанша дегенмен, өз ісінің маманы ғой. Мұғалім мұнан өзге де бізге таңсық тағамдарды дайындау өзісімен бөлісті.**



Бүгінгі нарық заманында әлемде дәрежесі президенттермен тең аспаздар бар екенін көзіміз көріп жүр, жалақысы да жоғары. Мамандыққа қызығушылық, одан бөлек дарының, икемің болғаны жөн. Бірақ аспаздықты күнделікті көже пісірумен шатастырмаған жөн. Ас әзірлеу – адамзатпен бірге дамып келе жатқан нағыз ғылым, сондықтан ер халықтың өзіндік рецепті, ұлттық тағамдары бар. Ас әзірлеу – шығармашылықты, қиялды, тапқырлықты қажет ететін нағыз өнер. Қазіргі таңда осы өнерден үйренгенімді шәкірттеріммен бөлісіп, оларды кәсіби аспаздыққа дайындап жатырмын, – дейді, Ақкенже Зәкірқызы.

Иә, тағамды жақсы дайындайтын маман барлық жерге қажет. Перзентханада, балалар үйінде, зауытта, қазіргі заманы кәсіпорындар мен сәулетті мейрамханаларда да аспаз – таптырмайтын мамандық. Кейіпкеріміз де өзінің колледж бітірген шәкірттерінің ауданнан, облыс, республика

көлемінде шақыртулар алып, жұмысқа орналасқанын айтады. Студенттердің сұраныстағы маман ретінде қалыптасқанын осының өзі куәттай түседі.

Расында кабинет жаңа техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. Мұнда көкөніс ұсақтағыш, құймақ пісіруге арналған «Roller grill CDE 350», ет турағыш «Entegris», қамыр илейтін және жаятын арнайы құралдар бар. Бұлар оқу барысында пайдаланылып, студенттердің білікті маман болып даярлануына септігін тиісінше.

– Аспаздық жолымды алғаш 2002 жылы бастаған кезде ешқандай техникалық құралдар болмады. Тіпті бір ғана тәжірибе жасау бөлмесі болды. Ол жерде бізге керек газ да болмады. Пешке от жағып, қазанға пісіретінбіз. Отын жарып, суды да қолмен тасыдық. Қазір осы техникалардың арқасында жұмысымыз жеңілдеді. Алайда студенттерді келген бойда бірдей асханаға кіргізіп, тамақ дайындапаймыз. Ең алдымен барлығын

теория жүзінде түсіндіріп, тамақтандыру кәсіпорындарындағы виртуалды әлемді көрсететін арнайы 3D көздіктерінің көмегімен қажетті құрал-жабдықтарды таныстырамыз. Содан кейін іс жүзінде жұмыс жасайды. Негізінде бұл мамандықты меңгеруде, өзін әрі қарай жетілдіруге ең басты рөл атқаратын мамандыққа деген шынайы қызығушылық және оны меңгеру барысында шыдамдылық қажет. Сонда ғана білікті маман болып, жетістікке жетеді, – дейді ол.

Иә кейбір адамдар «аспаз өнерінде ешқандай қиындық жоқ, шолпыны бығайт берсең, пеш өзі пісіріп шығарады» деген жанақ пікірде. Онысымен қоймай «қазіргі заманда кім тамақ дайындау білмейді, тіпті кез келген адам аспаз бола алады» дейді. Асылы олай емес. Бұл істе ең алдымен кейіпкеріміз айтқандай, тағам керек, дәм мен иісті сезіп, халықты тойдырып қана қоймай, көңілінен де шыға білген жөн. Қазір Ақкенже аспаздықтың соңғы екі жылда тәрбиеленген шәкірттерінің ішінде 15-ке жуық студент облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болған. Кейіпкеріміздің өзі де еліміздің білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін арнайы министрдің алғыс хатымен марапатталған.

Аспаздықтың жанына серік еткен Ақкенже Шідербаева қазіргі таңда шәкірттерге сабақ беріп қана қоймайды, бос уақытында тәттілер пісіру арқылы да қосымша табыс тауып отыр. 2 балаңыз анасы болашақта түрлі тағамдар пісірумен айналысатын жеке кәсіп ашу ойында бар екенін жасырмады.

Иә, кейбірлерге тағам жасау оңай шығар, алайда саусағынан бал тамған аспаз, сұраныстағы маман болу кез келгеннің қолынан келмейтіні анық. Тек тәзімділік танытып, мамандығын шынайы жақсы көрген адам ғана жетістікке жетері сөзсіз. Бүгін кейіпкерімізбен сұхбат барысында осыған көзіміз жетті.

**Ақнұр АЛТЫНБЕК**

# Техниканың тілін білген

**Ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығының егін саласындағы орны ерекше. Бұл мамандықта оқитындардан болашақта дала дарабозы, яки Имамзада Шағыртаев секілді «Қазақстанның Еңбек Ері» шығуы ғажап емес. Аталған салада мамандар даярлау біздің экономикамыз үшін де өзекті. Сондай-ақ техник мамандар бүгінгі таңда сұранысқа ие. Олай дейтініміз білікті түлектерді диплом алғанша жұмыс өзі-ақ тауып алады. Мәселен, кейіпкеріміз Ерсұлтан Кеңесбек бірінші курсында-ақ шаруашылыққа шақырту алып, егіс басындағы қызу еңбекке араласқан.**

– Негізі бұл мамандыққа бұрыннан қызығатыным. Себебі әкем Аққұм ауылындағы «ЛТД» шаруа қожалығында жұмыс жасайды. Балалық шағымда әкеммен еріп, жасалатын жұмыстармен таныс болғанмын. Сол кішкентай кезімдегі техникаға деген қызығушылығымнан болар, колледже келіп, комбайн айдауды бір сағатта игеріп алдым. Алайда «үйрендім» деп боасаңға болмайды, мені «Шаңдықөл» деген алқапта егін оруға көмекке шақырған. Қайтар жолда мән бермегенім болар, бір шұңқырға түсіп кетіп, шыға алмай қалғанмын. Қатты қорықсам да тез есімді жыюп, дөңгелектің астына сабан толтырып өрең шықтым. Алқап үлкен болғанын кейде осындай қиындық болып тұратынына көзім жетті. Бірақ өрне оның бәрін игеруде тәжірибе керек, – дейді жас маман.

Ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығын бітіргендерді әмбебап маман десек те болады. Себебі бітірушілер техник-механик, трактор бригадасының механигі, бригадирі, автотараж, шеберхана меңгерушісі, басқа да техникалық қызметтерді атқаруға құқылы. Қазіргі таңда колледжде теориялық білімнен бөлек мамандарды дайындауда тәжірибеге басымдық беріледі. Мәселен білім алушылар арнайы егіс алқабына шықпай, мамандықтың қыр-сырын ғимараттың жанында-ақ іс жүзінде меңгереді.

– Біздің топта 19 студент бар. Бірақ солардың ішінде Ерсұлтан – өте алғыр бала. Себебі түсіндірген сабақты, құрылғыларды басқаруды тез-ақ үйреніп алады, топтағы көш бастап тұрған студент. Содан болар, аудандағы

көптеген шаруа қожалықтан ұсыныс түсіп, бітірген бойда өздеріне жұмысқа шақырып жатыр. Мамандыққа деген қызығушылығы ерекше, жауапкершілігі жоғары. Алдағы уақытта «WorldSkills» деген облыстық байқауға дайындалып жатырмыз. Ерсұлтан – болашағынан көп үміт күттіретін жас маман, – дейді жетекшісі Нұржан Серікұлы.

9 сыныптан колледже түскен студенттер тек 2-ші курсында іс жүзінде тәжірибе жинақтауға көшеді екен. Ал бірінші курста толығымен теория жүзінде танысады. Бүгінгі олардың басым бөлігі механика айдауды әжептеуір үйреніп алған. Біз де Ерсұлтанға қолқа салып, техника тізгініндегі ұсыныс жасадық. Расында жетекшісі айтқандай, техниканың құлағында ойнайды екен.

**Ақнұр АЛТЫНБЕК**

## Аудан жаңалықтары



### Елдің мәселесі ескерусіз қалмайды

**Аудан әкімі Ардақ Ибраимов кезектілік тәртібін жазылған тұрғындарды қабылдады. Тұрғындар тарапынан тұрақты жұмысқа орналасу және мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері туралы мәселелер қозғалды.**

Көтерілген жеке мәселелерге Ардақ Әбдіғалпаурлы заңға сәйкес түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді. Сонымен қатар тұрғындардың мәселесі назарға алынып, кезек-кезеңімен шешімі табуы қажеттігін ескертті.

### Темірбек Жүргенов — ұлт руханиятының ардақтысы

**Аудандық кітапхана және аудандық әйелдер кеңесі қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, қаламы қарымды сыншы, қазақ мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға зор үлес қосқан аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай ұлттық Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай ұлттық Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей оқушыларының дайындаған Мәлік Аяповтың сөзіне жазылған «Ағалар армандар» атты өңенім басталып, мерейтой иесінің туған жеріндегі Әбдікерім Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп оқушыларының ұйымдастырған сахналық қойылымымен жалғасты.**



Мұнан кейін Темірбек Жүргенов әулетінің ұрпағы, немере інісі Жағыпар Нұржанов тарамыз, аудандық әйелдер кеңесі қоғамдық бірлестігінің төрайымы Роза Көшекбайқызы, аудандық қоғамдық даму бөлімінің теолог маманы Арыстанбек Байқабылов, З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Манат Қаражанова, Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп лицейінің тарих пәні мұғалімі Досжан Қартаңбай өткен кезеңдерге бір сәт шегініс жасап, тарихтан сыр шертті. Ал аудандық «Руханият» орталығының қызметкері Бүркіт Алпамыс жырдан шашу шашып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Кітапхана директоры Ұлымбек Әбілтайқызы қонақтарға алғыс айтып, шараға белсене қатысқан оқырмандарға сый-құрмет көрсетті.

### Қарымды қаламгер туған жерінде

**Аққыр ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын, «Руханият» орталығының бөлім меңгерушісі Қуат Адисұлымен «Көңіл керуені» атты кездесу өтті. Ауылдық әкімдіктің бас маманы Бауыржан Шынжыров қазақ руханиятында өзіндік орны бар қаламгердің ербір шығармасы тағылымға толы екенін тілге тиек етіп, шығармашылық табыс тіледі.**



Мұнан кейін тағылымды кездесу кітапхананың кішкентай оқырмандарының ақын өлеңдерін мәнерлеп оқумен жалғасты. №188 орта мектептің директоры Гүлбану Орынбаева ауыл мақтанышына айналған Қуат Адиске өлі де кейінгі буын өнеге алатын мол шығармалар жазатынына сенім білдіріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Ал қарымды қаламгердің сыныптас досы, аудандық қоғамдық даму бөлімінің теолог маманы Арыстанбек Байқабылов ақынның бірқатар шығармасын талдап, бір сәт балалық шаққа саяхат жасады.

Аудандық кітапхананың әдіскері Раушан Қалиева аудан көлемінде ақын шығармашылығына арналған іс-шаралар өткізіліп жатқанын айтса, кітапханашы Манат Иманалиева ақынға қазақы дәстүрмен шапан жапты. «Руханият» орталығының және ауылдық клуб өнерпаздары жырдан шашу шашса, ауыл ақсақалы Төлөпберген атамыз кездесуге қатысушыларға батасын берді.

**«ЖЖ» ақпарат**



## Саланы цифрландыру қос тарапқа да тиімді

**Аймақта медициналық ұйымдардың «қағазсыз құжат» айналымына көшу жұмыстары 2018 жылдың 1 шілдесінде басталды. Осы ретте денсаулық сақтау саласын цифрландыру бойынша арнайы жол картасы бекітіліп, біршама жоба қолға алынды. Бұл ретте аудандық аурухана да медициналық ақпараттық жүйелермен 100 пайыз қамтылған.**

Кешенді медициналық ақпараттық жүйе ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің негізгі ақпараттық жүйелерімен біріктірілген. Медициналық ақпараттық жүйелерді өңдеу нақты деректерді қалыптастыру есебінен медициналық деректерді және медициналық құжаттаманы қағаз қолданбай жүргізуге көшіру үшін мүмкіндік

береді. Медициналық ақпараттық жүйелерде жиналған ақпарат – науқас туралы жаңартылған деректерді көріп, клиникалық шешім қабылдау үшін дәрігерлердің қолдануына өте ыңғайлы және тиімді жүйе.

Аудандық аурухананың интернет байланыс арналарымен қамтылуы 100 пайызды құрайды. Қуантарлығы,

компьютерлік техникамен де толық қамтамасыз етілген.

Емханаға тіркелген 32 621 тұрғынға электронды денсаулық тәлқажаты толтырылуда. Оның көмегімен дәрігерлер науқастың денсаулық жағдайы, оның анамнезі, созылмалы аурулары, препараттарды қабылдау аллергиясы туралы толық ақпаратқа

қол жеткізе алады. Көмек көрсету жері мен медициналық ұйымдарда пайдаланатын ақпарат жүйесіне қарамастан адам денсаулығы туралы барлық түйінді мәліметтер бір базда жиналады.

Нәтижесінде науқасқа дәрігерге баруды алдын ала жоспарлау, электрондық жолдамалар мен талдау нәтижелерінің есебінен дәрігерге барудың санын 2 есе қысқарту, дәрігердің науқастың денсаулығы туралы ақпаратты бір жерге жинақтау және дәрігерлер мен орташа медицина персоналының еңбегін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Тіркелген 32 621 тұрғынның 30 124-іне электронды денсаулық паспорты толтырылып, көрсеткіш 92,3 пайызды құрап отыр. Сонымен қатар тұрғындарға ақпараттық және электронды көмек көрсету мақсатында «Дамумед» медициналық ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасы енгізілді. Мобильді қосымшаны ұялы телефоныңызға жүктеу арқылы дәрігер қабылдауына алдын ала жазылуға, дәрігерді үйге шақыртуға, жазылған рецептер туралы, ашылған еңбекке уақытша жарамсыздық парағы туралы, сонымен қатар зертханалық талдаулардың нәтижелері туралы мәлімет алуға мүмкіндік бар.

Қазіргі уақытта мобильді қосымша арқылы дәрігерге онлайн жазылған тұрғындар саны – 355, дәрігерді үйге шақыртқан тұрғындар саны – 197. «Дамумед» мобильді қосымшасының тағы да бір тиімділігі, скринингтік тексеруге жататын белгілі бір халық тобы үшін скринингтен өту туралы, сонымен қатар жыл сайын өткізілетін флюорографиялық тексерулерден өту туралы уақытылы смс хабарландыру жіберіледі.

Күнделікті күйбең тірлікпен денсаулыққа мән бермей жүре беретін әрбір адам үшін кез келген дертті ерте анықтау үшін бұл цифрландыру жүйесінің алар орны ерекше. Қандай жағдай болса да ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген маңызды.

**Шолпан ЖҮРСІНОВА,**  
**аудандық аурухананың**  
**ұйымдастыру-әдістемелік**  
**бөлімі меңгерушісі**

### Сақтансаң, сақтайды

## Балық пен аң ауларда нені ескеру керек?

**Көлдің немесе өзеннің жағалауынан балық аулауға кірісер алдында таңдалған жерді мұқият қарап, оның қауіпсіздік дәрежесін анықтау қажет. Ең алдымен жағадан үшкір тастарды, тікенекті бұтақтарды және басқа да қауіп келтіруі мүмкін заттарды алып тастаңыз. Содан кейін балық аулауға арналған құралдарды орнына қойып, қармақпен балық аулағанда кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.**



Қопарылған және тік жағалаулардың жанында ерекше сақ болу керек. Сазды жағалаулар өсіресе жаңбырдан кейін тайғақ болады, сол себепті тайғанап, суға түсіп кетуіңіз мүмкін.

Егер сіз қайықтан балық аулауды дұрыс көрсеніз, ең бастысы, оқыс жағдай болса қалса, жүзе білу қажет екенін түсініңіз. Бұл іс-әрекет сізге өзіңізді сақтап қалуға, тіпті ең қиын күтпеген жағдайларда досыңызды құтқаруға көмектеседі. Су айдынына шығар алдында қайықтың жайкүйін мұқият тексеріп, ескектің ақаусыз екеніне көз жеткізіңіз.

Балық аулауға арналған құралдарды қайықтың жанына салыңыз, ал басқа заттарды (кімді, сөмкені, дорбаны) қайықтың алдының жағына және орындықтың астына орналастырыңыз. Міндетті түрде қайықта құтқару шеңбері немесе құтқару кеудешесі және су жинауға арналған шелек, басқа да ыдыстар болуы керек.

Аңшылық тек арнайы рұқсат құжаттары бар шаруашылықтардың аумағында жүргізілуі тиіс. Әрбір аңшының аң аулау ережесін, өрт қауіпсіздігін қатаң сақтауы керек естеріңізге саламыз. Суға жүзетін құстар мен су маңы жануарларының өзгеше мінез-құлық танытуы немесе жаппай қырылуы байқалса, бірден қорық қызметіне немесе аудандық, облыстық аңшылық шаруашылығына шұғыл түрде хабарлау қажет. Өйткені қоршаған ортаны қорғау – әрбір адамның азаматтық борышы.

Аң аулау рұқсат қағазды аңшылық шаруашылықтары береді және өзге шаруашылықтардың аумағына кіруге немесе мерзімі аяқталған жолдамамен аңшылыққа шығуға, құжатты өзге тұлғаларға беруге тыйым салынады. Тағы бір ескеру кететін жайт, тұяқты жануарларды аулау шыққан кезде аңшылық, шаруашылық қорықшысымен бірге жүру міндетті. Аң аулау тәртібі туралы ақпаратты аңшылар қоғамынан және аңшылық шаруашылықтарынан алуға болады.

**Аудандық төтенше**  
**жағдайлар бөлімі**

### Ойғаразы

## Ас берудің жөн-жоралғысы



**Алдымен өткенге зер салсақ, ас беру рәсімі қазақ даласына ислам діні келмей тұрғанда, сонау көне сақ, ғұн, түркі заманынан бар. Оны біз археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде де байқаймыз. Орхон-Енисей өңіріндегі балбал тастардағы сына жазулардан Түркі елін қуатты империяға айналдырған Күлтегінге берілген ас туралы жазба деректі ғалымдар ашты. Демек марқұмдарға арнап ас беру салты сонау ықылым заманнан бері ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан дәстүр десек те болады.**

### Марқұмды еске алу

Қазақта егер ересек адам өмірден өтсе, марқұмды жаназалап жерлегеннен кейін әр аймақтың қалыптасқан салты бойынша жетілігі, бейшенбілігі немесе жұмалығы, қырықкүндігі, (кей жерлерде 52 күндік), жүзі және жылдық асы беріледі. Оған арнайы мал сойылып, марқұмның алыс-жақын жердегі ағайын-туысы келіп, көңіл қос айтып, қайғысына ортақтасады, жоқтау айтылады, марқұмның жақсы қасиеттері мен өнегелі істерін еске алады. Ал мұндай рәсімдер сәбиге жасалмайды. Себебі олар – өмірден ештеңе көрмей кеткен бейкүне пек періштелер. Жасалған күнде де ысырапшылдыққа жол бермей, отбасы етжақын туыстарымен ғана өткізеді.

Қазақ тарихына үлгісек, бұл фәниден өткен елге белгілі, айтулы адамдардың жыл толғанда оған жасалатын ақыры зор құрметі болып саналған. Ондай үлкен астарда бірнеше жүз киіз үй тігіліп, үш жүзге бірдей сауын айтылады. Бұған әр елдің есімі елге белгілі билері, батырлар, ақындар, палуандар, серілер, шабандоздар, әнші, күйші, биші, жыраулар шақырылып, үлкен деңгейде салтанатты той ретінде өткізген. Асқа есепсіз мол қаражат, мал-мүлік жұмсалған.

Тарихи деректерге сүйенсек, «1860 жылы Ерден Сандыбайұлына 160 жылқы, 200 қой сойылған. Аттың бәйгесі 100 жылқы болған. Осы Ерденге осылай үш рет ас берген. 1861 жылы Байдәулет Құлбекұлына да осылай ас берген. Мұнда бас бәйгеге 100 жылқы, 100 қой 1 ақ отау, 10 түіе берген. 1874 жылы Лабақ Қуатұлына да ас берілген. Оған 300 жылқы, 500 қой сойылған. Асқа 700

үй тігілген. Мұның сыртында асқа шақырылғандар әруаққа деп малың, сойысып, сабасын тағы өкеледі. Аста елдің бірлігі мен байлығы, мырзалығы сыңға түседі.

Ертеректе ас көбіне еліне елеулі, халқына қалаулы көп жағдайда жасы ұлғайып барып қайтыс болған ер адамдарға ғана арналып берілген. Яғни бұл – өлген кісінің артын қуту салтының қалың қауымға арналған, қайғыдан салтанаты басым соңғы рәсімі. Осыған сай мұндайда ас берудің соңы жақсы мағынасындағы, кейінгі ұрпақтың бақытты, шат-шадыман өмір сүруі үшін деген тілекпен үлкен тойға ұластырып, ат шартырып, аламан көкпар тартылған. Алтыбақан ойналып, палуандар күрессе, ақындар бірнеше күнге созылған айтысқа қатысқан. Бірақ кейде сирек те болса әйел адамдарға да ас берілген. Ондай жағдайда жоғарыдағыдай ойын-сауық өткізілмей, тек ас арналған адамның қадір-қасиетін ғана еске алған.

### Құдайы ас берудің діндегі орны

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан жарық көрген «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабында «Қайтыс болған кісінің атынан ас беру – ислам шариятында міндетті түрде атқарылуы тиіс. Яғни жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәһар болмайды. Бірақ жалпы алғанда жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екенін Құран аяттарынан және хадистерден байқаймыз. Дінімізде «міндетті түрде қарызданбау немесе өзіңе қажетті қаржыңды жұмсап, қайтыс болған кісі атынан ірі қара мал сойып, садақа бер» деген үкім жоқ. Садақалар, құдайы астар берілген

жағдайда ысырапқа жол берілместен атқарылуы тиіс» делінген.

Өткен тарихи оқиғаларды еске алсақ, 1885 жылы Құнанбай дүниеден өткеннен кейін оның өзге балалары «Қазақтың салты бойынша өкемізге ас берейік» дегенде Абай: – Асқа мал бөлейік, бірақ ол малды сойып, жұртқа жегізбейік, орыс мектебінде оқып жүрген қазақ балаларына жәрдемге берейік, – дейді.

Кейін осы айтқанын істейді. Құнанбайдың асына шығарылған мал саны туралы нақты мәлімет жоқ. Бір деректерде 100 жылқы, 200 қой делінеді. Абай олардың барлығын сатып, Семейдің интернатында оқитын қазақ балаларына беруі Құнанбайдың өзге балаларына да, ағайындарына да, тіпті көршілес елдерге де ұнамайды. «Қүнекенді атаусыз қалдырды» деп талайлар ренжіген. Мәселен, көршілес Найман руынан Абайдың туған бөлесі Кемелбай Абайға осы жөнінде былай деп өлеңмен сәлем айтады:

«Сәлем де Ыбырайға бөлем еді,  
 Ас беріп, Қүнекенді өлемеді.  
 Жер ошағын тастады ау қоңыр-сытпай,

Бірек күн ел күткеннен елер ме еді?».

Бұдан түйетініміз, діннен хабары бар Абайдың бос даңғазға, ысырапқа жол бермей, өссеніңе сол асқа кететін қыруар қаржыны жастардың білім алуына жұмсағаны әлдеқайда сауаптырақ болатынын түсінген.

### Қазіргі ас беру рәсімі

Иә, уақыт бір орында тұрмайды. Тарихтың қай кезеңін алып қарасақ та, діннен тыс қалған қоғам болмағанын байқаймыз. Өйткені

дін сол қоғамның негізін құрайды. Қазір заманның ағымы өзгерді. Алайда қазақ бұрынғыдай өткенді құрметтеу, әруақты еске алу сияқты қасиеттерден ажыраған жоқ. «Аруақ риза болмай, тірі байымайды» деген қағиданы берік ұстанған халқымыз аруағын сыйлап, ас беруді ешқашан естен шығарған жоқ. Тіпті өмірден өткен жақыны түсіне кірсе, қорасындағы жалғыз қозысын сойып, оған шамасы келмесе, жеті шөлпегін таратып, құран бағыштаған. Бұл үрдіс қазіргі күнде де жалғасып келе жатыр. Жаңарған заманмен бірге ас беру тәртібі де жаңғырып, уақыт талабына сай өзгеруде. Имам-молдалардың «Құранда Алла тағала ысырапкерлерді жақсы көрмейтінін айтқан. Пайғамбарымыздың хадисінде «Ішіндер, жеңдер. Бірақ шектен шығып, ысырап қылмаңдар» деген. Ас бергенде бір-біріңізбен бөсекпеңдер. Одан жоқ-жітікке, жетім мен жесір тартқандарыңыз әлдеқайда сауапты іс болады» деп айтқан уағыз-насихатын құлаққа іле бермейізіз.

Уақыт талабына сай қазір көпшілік асты мейрамханаларда немесе мешіт жанынан ашылған арнайы асханаларда өткізетін болды. Тіпті асты жүргізетін асабаны да арнайы жалдайтын болдық. Асаба емес, ас жүргізуші деп айтқанымыз дұрыс шығар. Өйткені асаба деген сөз халықтың санасында той жүргізушісі ретінде қабылданып кеткен.

Асқа ас жүргізушінің шақырғанын ешқандай ерісіліп жоқ. Бірақ сол ас жүргізуші халықтың көңілінен шығатын болса жақсы. Дүниеден өткен адамның асы болғандықтан ол жерде өмірдің жалғандығы мен өлімнің хақтығы міндетті түрде айтылады. Ас жүргізетін адам діннен хабарым бар екен деп бас-көзге қарамай, онысы да өсімі жоғары несиеден көз ашпай жүрген жандарды өліммен қорқытып, тозақпен үркітіп, келген адамды одан сайын еңсесін езіп, діннен бездіріп жібермесе дейміз. Бабаларымыздан қалған ғибратты оқиғаларды, асыл сөзді де орыным пайдаланып, асқа келген адам тағылым алып қайтатындай жүргізгені дұрыс.

Асқа шақырудағы басты мақсат – ас ішіп, аяқ босату емес, жақынымыздан айырылғанда өмірдің өткіші екенін ұғындырып, тірліктің мәнін түсіндіріп қайтса деген ниет. Ол үшін әрине ас жүргізушінің діннен хабары бар, аят пен хадисті орыным пайдалана білетін, бабаларымыздан қалған есиетті сөздерді жүйелі қолдана алатын адам болғаны дұрыс. Сонымен қатар асқа келген ағайын да дастархан басындағы әдепті сақтаса дейміз. Себебі көп жерлерде байқағанымыздай, абыр-дабыр айқайлап, оданқалды ұялы телефонымен сөйлесіп, қарқылдап күліп отыратындар да барын жоққа шығармаймыз. Ендеше ас беру рәсімін мақтаншақтықпен бөсекелеспей, ысырапшылдыққа жол бермей, тағылым алатын шараға айналдырған жөн сияқты.

**Арыстанбек БАЙҚАБЫЛОВ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**одағының мүшесі**

## Еліне еңбегі сіңген ер

Саналы ғұмырын ел дамуына сарп еткен сыныптас досымыз, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Ержанов Манат Тасмаханұлы да бақиға бет түзеді. Ол 1950 жылы 20 наурызда Қызылорда облысы Жалағаш қыстағында дүниеге келген.

Манат Ержанов 1957 жылы бізбен бірге мектеп табалдырығын аттап, 1967 жылы аудан орталығындағы №123 орта мектебін бітірді. 1969-1971 жылдары әскер қатарына алынып, Семей-22, Молдау (Құрматов) елді мекенінде №01483 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді. Әскер қатарында жүріп, «Маг-500» автокөлігімен әртүрлі құрылыс материалдарын тасып, жарылыс болған жерлерді тазарту жұмыстарына белсене қатысқан.

Әскерден оралған соң, яғни 1971-1973 жылдары аудандық ауруханада, тұтынушылар одағында жүргізіліп болып жұмыс істеді. 1981-1984 жылдары Қызылорда совхоз техникумын ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығы бойынша бітіріп, 1973-2001 жылдары Жалағаш аудандық автотранспорт мекемесінде ұзақ жылдар үздіксіз жүргізіліп болып жұмыс атқарды.

Ол 1976-1979 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен марапатталды. Саладағы абыройлы еңбегінің арқасында Манат Тасмаханұлына 1978 жылы Қазақ ССР Автокөлік министрлігінің Құттықтау хаты да табысталды.

1977-1981 жылдары Қызылорда облысының «Таңдаулы транспорт қызметкері» атағын алды. 1987 жылдың қорытындысымен «Облыс чемпионы» атағына ие болды. 31.03.1980 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды (3№0688488).

04.02.2002 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне – 10 жыл» медалімен, 08.11.2005 жылы «Тыңға – 50 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. (№013490). Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қызылорда облысына – 70 жыл» мерекелік медалін кеудесіне тақты (№01695).

Сыныптасымыз Манат Ержанов Жалағаш ауданының 50 жылдығы қарсаңында арнайы мерекелік медалмен де марапатталған. Отан алдындағы борышын адал атқарғаны үшін облыс әкімдігі атынан «Семей сынақ полигонының ветераны» төсбелгісімен марапатталған. 24.08.2016 жылы «Невада-Семей ядроға қарсы қозғалысына – 25 жыл» медалін кеудесіне тақты.

Оның саналы ғұмырында елдің өркендеуіне, туған жердің түлеуіне қажырлы еңбек еткенін жақсы білеміз. Мұнан кейінгі жылдары да Манат Ержановтың қажырлы еңбегі еленіп, бірнеше рет марапат төрінен көрінді. Қызылорда облысы әкімінің «Қызылорда облысының автокөлік саласының құрылғанына – 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. 08.09.2019 жылы «Ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Құрметті ардагер» төсбелгісі де атпал азаматтың кеудесінен көрініс тапты.

Ол «Ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі күлегі «Құрметті ардагер» төсбелгісіне де ие болды. Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы шешімі бойынша Ержанов Манатқа «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Көптеген жылдар бойы ауданда егін жинау, мал шаруашылығы, жем-шөп тасу, жол жөндеу, құрылыс материалдарын тасымалдау, елге тыңайтқыш тасу, тағы басқа да шаруашылық жұмыстар тасымалдауда аянбай еңбек етіп, ауданның әл-ауқатының жақсаруына сүйелі үлес қосқан азаматтың саналы ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі. Отбасында 3 ұл, 2 қыз тәрбиелен өсірді. Қазіргі уақытта әке жолын қуған балалары әр салада елдің дамуына қызмет етсе, нәмерелерінің алды жоғары оқу орындарында білім алуға.

Сыныптас досымыз Манат Ержановтың отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтымыз, қаралы хабар бізге де оңай тыным жоқ. Манат Тасмахановтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

**Сыныптас достары**

Ауыл тынысы

# Тарихы терең Аламесек



**Бүгін де шалғай ауылдамыз, Аламесек те бұрын талай ат ізін салған елді мекендер қатарында. Күршінен ырысын еселеген ауылдың бүгінгі тынысын білу үшін алдымен елді мекен ішін аралап келеміз. Мешіт маңы көліктен көз сүрінеді. Бақсақ, жуырда бақилық болған шаруашылық еңбеккерінің рухына арнап ас беріліп жатыр екен, ақсақалдардың барлығы дерлік осында. Не керек, кісі аяғы басылғанын тостық, мақсат ауыл тарихы жайында қариялардан мәлімет алу еді.**

Арада бір сағаттай уақыт өткенде көптен бірге имандылық үйінен шыққан Әбдіқайыр ақсақал да көзге түсті. Амандық-саулық сұрасқан бойда өңгімеміздің ауанын ауыл тарихына бұрдық. Көкеміздің де бұл жайында түйгені көп екен, өңгімесін екі гасыр өріден бастады.

### Жолбарыс жортқан жер немесе Аламесек атауы қайдан шықты?

Аламесек елді мекені аудан орталығынан 45 шақырымдай қашықта орналасқан. Іргесі 19 гасырдың аяғында қаланған тарихи өңір 1928-1930 жылдары аудан орталығы болған деген дерек бар. Жері құнарлы, шөбі шүйіңгі, балық, аң-құсы мол болғасын ба, жергілікті тұрғындар ашаршылыққа ұшырамаған деседі. Шымбай, Төрткүл Қазалы уездерінің саудагерлері аталған өңірде жәрмеңкелер жиі ұйымдастырып, бұл өңір кейін «Жаңа базар» аталған деседі.

1900 жылы Аламесекте 220 үйдей қазақ, 50-60 үй өзбек, 20-30 үйдей ноғайлар қоныстанған көрінеді. Ерттеректе бұл аймақта 2 сыныптық орыс-қазақ түземдік мектебі, кірпіш зауыты мен қасапхана жұмыс жасаған. Темірбек Жүргенов тәлім алған ауылдағы орыс-қазақ мектебінің біз айтып отырған білім ошағы екеніне көз жеткізетін деректер көптеп кездеседі.

1902 жылы іргесі қаланған Аламесек мектебі өңірдегі 6 болысты қамтитын алғашқы мандайалды оқу орны болған. Құрылысының қарқынды жүрісіне сол замандағы аумақты азаматтардың бірі Смайыл атамиз үлкен үлес қосқан екен. Оқу құралдары Ақмешіт қаласынан түле тасымалы арқылы жеткізіліп, 1889 жылы Ташкентте ашылған оқушылар семинариясының түлегі Досмағамбет Букін де мұнда жастардың ең кедергісіз білім алуына белсене атсалысқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина мен Беларусьқа панасыз қалған 700-ге жуық жетім бала мектеп ғимаратына орналасып, осында білімін қайта жетілдіреді. Кейінгі жылдары бұл нысан Аламесек ауруханасы болып жұмыс жасалтып.

Елді мекен ертеректе «Аламесек» көлінің жағасында орналасқандықтан ауыл аты да осылай аталған «Аламесек» көлі бұрынғы Ақарық ауылының солтүстігінде үлкен аумақты қамтып, қазіргі Сырдария ауданына қарасты Ақжарма ауылына дейінгі алқапты алып жатты. Шығысындағы «Көк су» өзегі арқылы Сырдария өзенімен түстігіндегі «Тарма көл», «Дәулет», «Сарыкөл» мен «Абызбай көлі» өзегі арқылы «Жаңадария» өзенімен байланысады. Көлдін табаны 1965-1958 жылдары тартылғандықтан жергілікті тұрғындар бұл аумақты егін шаруашылығына пайдаланған. Кейін егін алқабы қазіргей инженерлік жүйеге көшіп, 1966-1967 жылдары мұнда Ақжарма ауылының тұрғындары күрші еге бастапты.

Сөзімізге арқау болған каналдың бастапқы атауы «Қопалы көл» болса керек. Енді «Тарихы терең жатқан жер-су аты кейін қалай Аламесек атанды?» деген оқырманда сөзсіз сұрақ туындайды. Ол жөнінде көнекез қариялардан қалған әртүрлі дерек те аз емес.

Расында Орта Азия мен Қазақстан тарулы орыс тарихшыларының жазба деректерінде Аламесек каналы «Қопалы көл» деп аталған. Көлдін жағасы түіе бойламайтын қалың нар қамыс болғандықтан бұл аумақты жолбарыс мекендеген деседі. Жергілікті тұрғындар жолбарыстың атын атамай «Ала мысық» дейді екен. Осылайша «Қопалы көл» «Аламысықты көл» атанып, келе-келе Аламесек болып кеткен дейді. Ал 1995 жылы жарық көрген «Сыр өліңде жиналған қазақтың шежіресі» атты еңбегінде Әмірзақ Ахметов ағамыз басқаша дерек келтіреді.

Өлең туындысында Қарақалпақтардың кейінгі мекені Сырдарияның екі бетін Арал теңізіне дейін өңдей иеленгенін, ол өңірде Әбдіқайыр ханның үлкен ұлы Нұралының хан болғанын айтады. Нұралы ханнан

бұрын да, кейін де Қарақалпақтар екіге бөлініп, хандық құрған деседі. Бір бөлігін Қатағар билесе, келесі бөлігі Аламесектің өңісіне бұйырады. Алғашқысы Қазалы өңіріне орналасса, Аламесек хан қазіргі Жалағаш аумағына қоныстанған дейді. Жоғарыда айтылған екі деректі де растайтын басқа да мәліметтер жетерлік. Бұл – ел ауызынан және көнекез қариялардан қалған өсиеттен алынған мәліметтер. Ал шынына келгенде аталған өңірдің тарихы тереңде жатыр.

1925 жылы Аламесек болысына 44 ауылдық кеңес қараған. Аудан орталығы болып тұрған кезде мектеп, интернат, пошта, аурухана, кітапхана, мәдениет үйі мен астық қабылдау пункті жұмыс жасаған. Сол тұста Аламесек МТС ұйымдастырылды. 1932-1933 жылдары Тереңөзек ауданының жетім балалар үйі

ауыл өкімі де алдағы он күндікте емхана құрылысы толық аяқталатынын айтады.

Жалпы ауылдағы медицина нысанына қатысты мәселені тұрғындар жергілікті биліктің назарына салғанына көп жылдар болды. Әйтеуір елді мекенге аудан өкімі барса, елдің талап-тілегіне бірінші осы ауылдық емхана мәселесі арқау болатын. Рас, бұған дейін де ауылда медицина нысан болған, алайда сапасы сын көтермейтін. Кейін ауданның даму жоспарына енгізіліп, абырой болғанда жоба қолдау тапты. Бұйырғанда, жыл соңына дейін жергілікті халық оның игілігін көреді.

### Жолдың жайы көңіл көншітпейді

Бағанадан орталықтағы Жаңадариямен екі ортаны жалғайтын жолдың бойында жергілікті халық бұл ауылдағы жол сапасына



болды. Аламесек көліне құятын сулар бөгіліп, көл табаны құрғаған соң жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі елден еріксіз көшуге мәжбүр болыпты. Кейін аталған өңір «Аламесек ауылдық округі» болып қайта түлейді.

Мешіт алдында көп күткен қариямыз екеуара диалог барысында бізге осындай мәлімет берді. Уақытымыз тығыз, болмаса ақсақалдың аузын бақсақ, өлі де көкейінде тың деректер сарлап жатыр. Құдайы астаңдандықтан қариямыз орта жолда қоштасып, ауыл өкімдігіне жол тарттық. Бірақ Дәулеткерей Тәжібаев жұмыс орнында жоқ екен.

### Халық емхананың игілігін көреді

Ауыл өкімін жаңадан бой көтеріп жатқан емхананың құрылыс алаңынан таптық. Қазір талап қатаң әрбір өңірде салынып жатқан құрылыс нысандарының сапасы мен ел игілігіне берілген уақыты ұдайы бақылауда. Дәукеңнің де таңнан көшке дейін өлгі нысанға жиі баратынын сондықтан. Ауыл өкімінің кабинетте қамалып отырмай көптің игілігіне берілетін нысанның басында жүрін жақсылыққа жорыдық.

Жалпы құны жарты млрд теңгеге жуық нысан құрылысы бітпуге таяу, Мөрдiгер де,

мөн бермеппіз. Дәукеңмен бір-екі ішкі көшеге түскеннен кейін Аламесекте жолдың жайы көңіл көншітетініне көз жеткізді. Асфальт былай тұрсын, тас төселмеген ішкі көшелер де жоқ емес елді мекенде.

Ауыл өкімінің сөзіне сүйенсек, Есет батырда 13 ішкі көше бар, оның екеуіне ғана асфальт төселген «Асфальт төселген» деген аты ғана, негізінен ол көшелердің де сапасы жақсы емес, ал 3 көшеге тас төселсе, қалған 8 көше кәдімгі қаражол.

Дәукең екеуара диалог барысында бұған қатысты жақсы жаңалықтың шетін шығарды. Бүгінде ауылдағы 5 көшенің құрылысына қатысты жобалар қаржылай қолдау тауыпты. Жобаның жалпы құны 545 млн теңгені құрайды. Қазіргі таңда мөрдiгер мекемде де анықталып қойған. Алдағы көктемде Есет батыр ауылында жол құрылысы қарқын алады деген болжам бар. Ауыл өкімі қалған 8 көшеге қатысты жобалар да дайын турғанын айтады. Қаржылай қолдауға ең болса, Аламесекте жол мәселесі 100 пайыз шешімін табады дей беріңіз. Бір анығы, көлер жылы Әмірбай шешен, Белебай би, Сарман батыр, Жаңақоныс және Төлеген Бисенбаев көшелеріне асфальт төселді.

Ауылда электр желісі де ескірген, жауын жауып, жел тұрса, жергілікті халық

майшамын қамдайды. Бұл мәселе де жергілікті биліктің назарында екен, аудан орталығына жеткен бойда мәселенің шешімін жауапты азаматтардан сұрағанбыз. Алдағы жылы ауылда электр желісіне күрделі жөндеу жұмыстары жүреді екен. Жобаның жалпы құны 365 млн теңгені құрайды.

Ауыл тұрғындарының басты мәселесі – ауыз су. Дәукең «Бұл мәселенің шешімі – аулаішлік ауыз су жүйесін кеңейту» дейді. Бұған қатысты арнайы жоба да әзір. Көлер жылы мөрдiгер мекемде белгіленсе, елдің мәселесі шешімін табады деген сөз.

– Басты мәселеміз – жол жарық және ауыз су. Бұрын емхана ғимаратына қатысты тағы бір мәселеміз бар еді, жана жоба құрылысының қарқынын өздеріңіз көрдіңдер. Көлер жылы ішкі 5 көшемізге қаржы қаралып отыр. Аулаішлік ауыз су жүйесін кеңейту жобамыз да қаржылай қолдау табады деген үміттеміз. Себебі бұл – елдің басты мәселесі. Электр жарығына қатысты арнайы жобамыз қаржылай қолдау тапты деген жағымды жаңалық алдық. Ел болғасын ішкі мәселелер болады, бастысы, ретімен шешімін тауып жатыр. Көлер жылы ауылда жол құрылысы қарқын алады. Қалған 8 көшеге қатысты да жобаларымыз жасалып, қаржылай қолдау тапса, ол көшелердің де сапасына мән береміз, – дейді ауыл өкімі.

### Төрағалар туған жерге төр төгуде

Дәукеңнің сөзіне, күрші ететін төрағалар ауылды абаттандыруда белсенді. Осыдан 2 жыл бұрын жергілікті шаруашылықтар ауылды абаттандыру жолында бірқатар жобаны бір қолдың саласында бірігіп қолға алып жатыр дегенді естігенбіз. Тіпті бұған қатысты аудан өкімдігімен арада жасалған арнайы меморандум да бар екен. Бұл құжаттардың барлығы ауылдың бұлашағын жарқын етуге арналғаны жергілікті халықты қуантты. Бүгінде олардың бірқатары жүзеге асқан.

Былтыр ауылдағы «Қарабұра-ата-1» шаруа қожалығының төрағасы Дастан Ержанов жалпы құны 5 млн теңгеге ауылға кіреберіс жолға жарық жүргізді. Бұған дейін ауылдағы түрлі шараларға демеушілік жасаудан шет қалмаған шаруашылық төрағасының мұндай ілі бастаманы қолға алғанына тұрғындар риза. Әсіресе бұл шаруашылықтың ұжымы төрағаның соңғы жылдары жұмысшыларының өлеуметтік жағдайын жақсартуға басымдық бергенін айтады. Осыған дейін Дастан Ержановтың нәтижелі еңбек еткен әріптестеріне 20-ға жуық теңір тулар үлестіргеніне біз де куә болғанбыз. Енді төраға ауылдың абаттанына да бір сәт көңіл бөлуге күш салған.

«Нағи» шаруа қожалығының төрағасы Серік Дүйсенәзіев те алдағы уақытта ауылдағы Әмірбай шешен көшесін абаттандыруға қолға алады. Бұл жұмыстарға ол 4 млн теңге қаражат бөледі. Бүгінге дейін ол осы көшенің бойынан балалар ойын алаңын салып, ел игілігіне берген. Дәл осындай тағы бір ойын алаңын «Ибраев» шаруа қожалығының төрағасы Бақыт Ибраев та ел игілігіне берген еді.

Ауылда үлкен жобаларды қолға алып жатқан төрағалар басқа да жергілікті шаруашылықтарға үлгі болары анық. Бастама жаман емес, бастысы, осылардан өнеге алатындардың қатары артса дейміз. Есет батырда жергілікті халық кәсіп ашуға ынталы. Бірақ саланың дамуы көңіл көншітпейді. Тұрғындар мемлекеттік бағдарламалармен пайыздық ұстемалы қоятын мүлкі мәселесі алдынан шығады. Ал ауылдағы өздерінің үйін тым арзанға бағалайтынын көрінеді.

Қазірдің өзінде ауылда 113 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Соңғы екі жылда 11 ауыл тұрғыны қайтарымыз қаражатқа қол жеткізіп, ауылда өз жобасын жүзеге асырған. Мұнан бөлек 14 азамат мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кәсіп бастапты. Бүгінге дейін Аламесекте 9 адам «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде 2,5 пайыздық ұстемалық несиесі алып, кәсіп бастау үшін құжаттар тапсырған.

Жалпы тарихы терең елді мекеннің бүгінгі тынысы осындай. Ауылда өлі де мәселелер жоқ емес, енді солардың шешіміне басымдық беру керек. Бастысы, жергілікті өкімдік тарапынан қолдау бар, соны тиімді пайдаланса болғаны.

### Кенжетай БАЛТАБАЙ



**Батырлық – елден жауды аластауда абырой, байтақ даланы қорғауда қалқан болар болмыс. Талай ержүрек қаһарман тұлғалар қарсы келген дұшпанды айбарымен ықтырып, халыққа қорған бола білді. Сондай айтулы ердің бірі де бірегейі – Есет Көкіұлы. Оның өз заманында қолына ту ұстап, қазақ деген халықтың ар-намысын биікке көтерген айтулы батырдың бірі атанғанына ел күе. Ерлігі мен болмысы аңызға айналған батырдың даңқты тағдыры бүгінгі ғана емес, келешек буынның да үлгі алар бағдары екені белгілі.**

# Ерлігі ерек Есет батыр

Есет Көкіұлы – жоңғар басқыншылығына қарсы күресте есімі елге танылған қазақ халқының аулы пәлензеті. Шыққан тегі – Кіші жүз жетірудің ішіндегі тама руынан тарайды. Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін де жұрт болып жұмылып, жоңғарларға қарсы алғашқы алапат соққы берген – Бұланты шайқасына қатысып, өзінген елдің еңсесін көтерген Ұлы жөніске өз үлесін қосады. Ал Аңырақай шайқасында ол Кіші жүз құрамында соғысады.

Мақаламызға арқау болып отырған Есет батырдың әкесі Көкі Базарқұлұлы да заманында айбарлы батыр атанған. Бетіне келер қарсылас болмай, жауға үнемі тайсалмай тұра шабатындықтан халық оны «Таймас батыр» деп атапты. Зерттеушілер Салқам Жәңгір хан Жоңғардың батыр қонтайшысының елу мыңдық әскеріне алты жүз жауынгермен қарсы тұрып, шайқасын жатқанда жырмыра мың әскермен көмекке келетін Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің ішінде Көкі батырдың да болғанын, сол шайқаста оның шеп бұзып, ерекше ерлік көрсеткенін жазады. Осы тұста ел арасындағы батырдың әкесі туралы мына бір қызық аңызды айта кеткен жөн секілді.

«Есеттің әкесі Көкінің Бұхарадағы Көкілташ медресесін салуымен де аты мәшһүр болған екен. Осы мешіт-медресені салудан бұрын өзбектің бір уәзірі Бұхар ханына: «Қазақтар мұсылман емес, оларда дің жоқ. Оларды кәлірге санап, жер бетінен жойып, ұлын құл қызып күң ретінде саудаға алып сату қажет» дейді. Бұл өңгімеге хан таң қалып, зерделеу үшін қазақтарға сауал жолдайды. Мұсылман болмаса, еліне шабуыл жасайтынын ескертті. Қазақты қынд да күрделі жағдайдан Көкі құтқарып шығады. Қазақ ханының атынан Бұхарға келіп, Бұхар ханына мұсылман екенін дәлелдеу үшін үш жыл мұрасат сұрайды. Осы уақыт ішінде Бұхараның ортасынан жалғыз өзінің ғана қалауымен үлкен теңдессіз мешіт соғды. Құрылыс аяқталып, оны әрлеу мен сырлау жұмыстары қалғанда ғана шеберлерді араластырып көрінеді. Осы еңбегі ескеріліп, Көкі соққан мешітке Көкілташ аты беріліп, қазақтың басына төнген ауауалды күн өсек айтаң өзәірдің басын алумен аяқталады. Міне, Есет секілді ердің әкесі осындай ер болған» деген аңыз бар.

Әкесі секілді жауынгерлік заманда туып, күреспен өсейіп, ер жеткен Есет те ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады. Тіпті ел арасында «Алпаның тасы қатты ма, Есеттің басы қатты ма?» дейтін мәтел таралып, оның батырлық болмысын аша түскен көрінеді.

Заманында Тәуке хан Кіші жүз рұнлерін басқаруды жеңілдету мақсатында қиын күндерде басын қосып, қиындалады онтайландыру үшін үш бірлесеті құрыға бекіді. Осылайша алты ата Әлім, он екі ата Бәйбіше, жеті ата Жетіру бірлесетікті дүниеге келіп, Ұш жүздің басын қосқан көнеесте Есет батырды Жетіруга ру басы етіп сайлаған деген мәлімет те кездеседі.

Жалпы Есеттің батырлығымен қатар әулиелігі де көп айтылады. Бұрын ел жағалаған диуаналардың батысында «Мадинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожажат, Маңғыстауда – Пір Бекет, Ақтөбеде – Ер Есет» деп айтылатын. Оған қоса «Ердің соңы – Ер Есет, пірдің соңы – Ер Бекет» деген сөз де батырды мәңзейді. Бір айта кетерлігі, Бекет Есет батырдың жиеншары деген дерек бар.

П.Дүйсенбіннің жарық көрген «Ұркердей болып көшкен жұрт» атты кітабында батыр туралы маңызды дерек кездестіреміз. Кітапта: «1724 жылы Есет батыр өзі бастап келіп, Қызылорданың Жалағаш өңіріне Әліптің Құрақ пен Аташал ұрпақтары қоныстандырған» деп жазылған. Оған қоса сәулеткерлік өңгімеші қария Амангелді Жақсылықұлы: «Тарихты зерттесең, Таманың жері Ор өзенінің бойында, башқұрт-татармен шекаралас» деген мысал келтіреді. Негізі ескі заманда тама руы Қазан мен Каспий арасын ең жайлаған ел болғанын ұқсайды. Уақыт өту Таманың шұрайлы қонысы – Ор өзені бойынан ел үдере көшіп, жаңа мекен іздейді. Жетірудің бас биі Есет батыр қайтыс болғаннан кейін Таманың басы бірікпей ыдырай бастайды. Рудан сөз сөйлеп, бас көтерер ешкім болмай, Ордың бойына орыстар бекінстерін сала бастаған. Кезінде Еділге дейін жайлаптын жер қысқарып, жайылымнан тапшылық көрген жұрт қоныс іздеуге мәжбүр болады.

Абдыраған халық әбден сасқанға ұқсайды. Себебі Жайықтан ары қарай өтуге тыйым салынған. Сонда ел-жұрт ақылдасып, Қызылқұм асып Сыр бойын жайлауға талаптанып, мекен аударуға бел буыпты. Сол сәтте Сырдың бойы Кіші жүздің жайлаған жері екен. Қоныс іздеп келген Тама руына мұнда да оңайға соқпайды. Жер тапшылық етіп, рудың біршама ауылы Арқа, Шу мен Бетпақ асып кетеді. Шуды қыстап, Бетпақ даламен Арқаға шығамыз деп жаңа қоныс іздеуге көшеді. Осылай Тама тағдырдың айдауымен түрлі соқпаққа түсіпті. Бірі Шұға құлап, бірі Арқаның Жетіқонырына жетіп жығылды. Аталған ақпараттарды Н.С.Рахымжановтың «Бабалар салған соқпақ жол» еңбегінен табуға болады.

Батыр өмірінің соңы Әбілқайыр ханның саясатымен тығыз байланысты. Ол орыс патшасының қол астына өту кезінде Бөкенбай, Жәнбек сияқты ірі тарихи тұлғалармен бірге ханның басына төнген қауіп бұлтын сәйлітуге көмектескен екен. 1743 жылы патша үкіметі «кіжақты қатынасты жақсартуға сінірген еңбегі үшін батырға «Тархан» атағын береді. Мұны М.Солтангазина, Б.Шәкжиев, Ф.Лекерова секілді азаматтардың жетекшілігімен жарық көрген «Тарихи тұлғалар» еңбегінен аңғаруға болады.

Есет батыр сексен екі жасында өз атамекенінде дүниеден өтеді. Бүгінде Есет батырдың бейіті Шалқар бекеті жанында орналасқан. Батырдың басын құбылаға қаратып емес, шығысқа қаратып жерлепті. Аңыз бойынша даңқты тұлға: «Ендігі жау шығыстан келеді. Табанымды тіреп жатайын» деп өсиет қалдырған деседі.

**А.БЕК,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі**

**Меншік иесі:**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

**Бас директор**  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
**Жалағаш аудандық**  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
**Бас редактор**  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Телефондар:**  
**Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
**Бас редактордың орынбасары,**  
**жауапты хатшы,**  
**бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеріп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміресе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Таралымы 2840 Тапсырыс № 1923**